

«Дарын» ЖК «Happy kids» жеке балабақшасы
2025–2026 оқу жылына
«Достық» ересек тобының ата-аналар жиналысының жоспары

Мақсаты:


Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

№	Мерзімі	Тақырыбы	Қаралатын мәселелер
1	Қыркүйек	«Балабақша мен отбасы – ортақ тәрбие алаңы»	1. 2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттері. 2. Ересек топ балаларының жас ерекшеліктері. 3. Күн тәртібі және оқу-тәрбие процесі. 4. Ата-аналар комитетін сайлау.
2	Желтоқсан	«Бала дамуы және отбасының рөлі»	1. Сөйлеу және танымдық қабілеттерді дамыту. 2. Үйдегі тәрбиенің маңызы. 3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері. 4. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық.
3	Мамыр	«Мектепке дейінгі дайындық және жыл қорытындысы»	1. Оқу жылының қорытындысы. 2. Балалардың даму мониторингі және жетістіктері. 3. Жазғы сауықтыру жұмыстары. 4. Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері.

Күтілетін нәтиже:

- Ата-аналардың балабақша жұмысына белсенді қатысуы артады;
- Балалардың мектепке дайындық деңгейі жақсарады;
- Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік нығаяды;
- Тәрбиелік жұмыстардың сапасы көтеріледі.

Топ тәрбиешілері: А.Г.Кенжебаева, С.Б.Қайыржан

Балабақша меңгерушісі:  Н.А.Байхатова



«Достық» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: 3.09.2025 жыл

Топ: «Достық» ересек тобы

Тақырыбы:

«Балабақша мен отбасы – ортақ тәрбие алаңы»

Күн тәртібі:

2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттері.

Ересек топ балаларының жас ерекшеліктері.

Күн тәртібі және оқу-тәрбие процесі.

Ата-аналар комитетін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі ата-аналарды 2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстырды.

Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, танымдық, тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын жетілдіру бағыттары түсіндірілді. Оқу-тәрбие процесінің негізгі мазмұны мен жылдық жоспар туралы ақпарат берілді.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші ересек топ балаларының жас ерекшеліктері туралы баяндады. Балалардың танымдық белсенділігі артып, сөйлеу тілі дамитыны, өзін-өзі күту дағдылары қалыптасатыны, құрдастарымен қарым-қатынасы нығаятыны айтылды. Ата-аналарға балалардың жасына сәйкес талап қою және қолдау көрсету жөнінде ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Топтың күн тәртібі мен оқу-тәрбие процесі таныстырылды. Балалардың таңғы қабылдануы, ұйымдастырылған іс-әрекеттер, серуен, тамақтану, ұйқы және ойын әрекеттері туралы ақпарат берілді. Үй жағдайында күн тәртібін сақтау қажеттілігі атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша:

Ата-аналар комитетін сайлау мәселесі қаралды. Ұсынылған кандидатуралар талқыланып, ашық дауыс беру нәтижесінде ата-аналар комитетінің құрамы бекітілді.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: И.К.Урманова

Мүшелері:

1. Толқын Талаповна
2. Маиса Сериковна

Сөйледі:

Ата-аналар балабақша мен отбасының бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтіп, балалардың тәрбиесіне белсенді қатысуға дайын екендіктерін білдірді.

Шешім қабылданды:

1. 2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттері назарға алынсын.
2. Ересек топ балаларының жас ерекшеліктері ескерілсін.
3. Күн тәртібін сақтау және үйде де жалғастыру ұсынылсын.
4. Сайланған ата-аналар комитеті бекітілсін.
5. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

Жиналыс төрағасы: И.К.Урманова

Хатшы: А.Е.Уаепова

Топ тәрбиешісі: А.Г.Кенжебаева

«Достық» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: 2.12. 2025 жыл

Топ: «Достық» ересек тобы

Тақырыбы:

«Бала дамуы және отбасының рөлі»

Күн тәртібі:

1. Сөйлеу және танымдық қабілеттерді дамыту.
2. Үйдегі тәрбиенің маңызы.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері.
4. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі балалардың сөйлеу және танымдық қабілеттерін дамыту жолдары туралы ақпарат берді. Баламен күнделікті әңгімелесу, ертегі оқу, сұрақ-жауап ойындарын қолдану, сөздік қорын байыту және логикалық ойлауын дамытуға арналған тапсырмалар орындаудың маңыздылығы айтылды.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші отбасының бала тәрбиесіндегі рөліне тоқталды. Үйдегі жағымды психологиялық ахуал, ата-ананың үлгі болуы, бірлескен іс-әрекеттер баланың тұлғалық дамуына оң әсер ететіні түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Балабақша медбикесі қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Балаларды ауа райына сай киіндіру, мұзда абай болу, жол ережелерін сақтау және суық тиюдің алдын алу шаралары айтылды.

Төртінші мәселе бойынша:


Тәрбиеші және музыка жетекшісі Жаңа жылдық ертеңгілікті ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Балалардың рөлі, мерекелік киімдер, безендіру жұмыстары және ата-аналардың қатысуы талқыланды.


Сөйледі:


Ата-аналар балалардың дамуына арналған ұсыныстарды қолдайтынын білдіріп, Жаңа жыл мерекесіне белсенді қатысуға дайын екендерін айтты.

Шешім қабылданды:

1. Балалардың сөйлеу және танымдық қабілеттерін дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Отбасында жағымды тәрбие беру дағдылары күшейтілсін.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау қатаң қадағалансын.
4. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық бірлесіп жүргізілсін.
5. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

Жиналыс төрағасы:  И.К.Урманова

Хатшы:  А.Е.Уасепова

Топ тәрбиешісі:  А.Г.Кенжебаева

«Достық» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: 27.05. 2026 жыл

Топ: «Достық» ересек тобы

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі дайындық және жыл қорытындысы»

Күн тәртібі:

1. Оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың даму мониторингі және жетістіктері.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстары.
4. Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі 2025–2026 оқу жылының қорытындысын жасады. Жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер, балалардың дамуына бағытталған жұмыстар және ата-аналармен бірлескен іс-шаралар туралы баяндама берілді. Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысының нәтижесінде балалардың жан-жақты дамуы байқалғаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші балалардың даму мониторингі нәтижелерімен таныстырды. Балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттері бойынша жетістіктері талданды. Әр баланың даму динамикасы бойынша қысқаша сипаттама беріліп, ата-аналарға жеке ұсыныстар айтылды.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарын таныстырды. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру, қимылды ойындар, серуендер және табиғатпен таныстыру жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

Төртінші мәселе бойынша:

Медбике және тәрбиеші жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Балалардың су айдындарында, көшеде, ойын алаңдарында қауіпсіздігі, күн өтуінен сақтану, жол ережелерін сақтау және жарақаттың алдын алу мәселелері қарастырылды.


Сөйледі:


Ата-аналар оқу жылының нәтижелеріне ризашылықтарын білдіріп, педагогтерге алғыс айтты.


Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлетіндерін жеткізді.

Шешім қабылданды:

1. 2025–2026 оқу жылының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың даму мониторингі нәтижелері назарға алынсын.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.
4. Ата-аналар жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарасын.
5. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық жалғастырылсын.

Жиналыс төрағасы:  И.К.Урманова

Хатшы:  А.Е.Уаепова

Топ тәрбиешісі:  А.Г.Кенжебаева